

айырмашылықтар байқалмайды. Қалған жіліншік орамы, бақылау тобындағы дегерес қозыларының 8,3 см құрап, трансплантат қозылардан тиісінше 0,6 см немесе 7,2 % жоғары болып отыр.

-
1. Садыкулов Т.С. Методы совершенствования дегересской мясо-шерстной породы овец. Дисс док с-х наук Алматы, 1985.
 2. Джамалова Г.А., Биотехнология животных. Алматы, 2004
 3. Джамалова Г.А., Практикум по биотехнологии животных. Алматы, 2004
 4. Завертяев Б.П., Биотехнология в производстве и селекции крупного рогатого скота

В статье изложены результаты изучения изменчивости основных селекционируемых хозяйственно-полезных признаков ягнят трансплантатов от рождения до 4-4,5 месячного возраста, которые получены путем ускоренного размножения ценных генотипов дегересской курдючной породы овец в условиях племяхоза «Маді» Жамбылского района, Алматинской области

In article are stated results of the study of variability main selectional economic-useful sign lamb - grafts from birth before 4-4,5 month age, which auscultatory accelerated valuable genotype's reproduction of the degeress fat-tail breed under "Madi" tribal farm conditions Zhambyl region of Almaty area

ӘОЖ 636,3.083.2.637 623

ТЕҢІЗ ШОШҚАСЫНЫҢ ЭКЗОГОРМОНАЛЬДЫҚ ӨНДЕУГЕ ӘСЕРЛЕНУІ THE GUINEA PIG'S REACTION TO THE EXOHORMONAL TREATMENT

Баймәжі Е.Б., Қожабергенов А.Т., Төлеген Г.Е.
Baimazhi E.B., Koghabergenov A.T., Tolegen G.E.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Жоғарыдағы мәліметтерді қорыта келе, тәжірибеге алынған ээртханалық жануардың көбею мүшесіндегі шектелген биологиялық қоры болып табылатын ұйқыда жатқан, яғни атрезияға ұшыраған фолликулаларды экзогормондардың көмегімен белсендіріп нәтижесінде көптік овуляция немесе қосымша овуляциялар алу жұмысы нәтижелі аяқталды.

Кіріспе. Биотехнология ғылымы - тірі организмнің генетикалық, физиологиялық, биохимиялық қорларын технологияның көмегімен клетка және молекула деңгейінде микроманипуляциялау арқылы мүмкіндігінше ұлғайтуға немесе көбейтуге жол ашатын жаңа ғылым екендігі анық. Соның ішінде, генотипі аса құнды ауыл шаруашылығы малдарының, генотипі жоғалып бара жатқан малдардың жыныс клеткаларының өсіп-дамуына экзогормондармен әсер ету ақылы санын қысқа мерзім ішінде көптеп алу мақсатында суперовуляциялаудың маңызы өте зор. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы малдарының саны күрт төмендеп кетті, соның ішінде жоғары өнімді асыл тұқымды малдар көптеп кездеседі. Осыған байланысты биотехнологиялық әдістерді қолдану арқылы жоғарғы өнімді генотипі аса құнды малдардың генотиптерін қысқа мерзім ішінде олардың эмбриондарын өнімділігі төмен малдарға тасымалдау арқылы санын көбейту маңызды жұмыстың бірі болып саналады. Суперовуляция дегеніміз – өнімділігі жоғары аналық донорларды экзогормондардың көмегімен горманальді өңдеу арқылы олардың бір

жыныстық циклі кезіндегі жұмыртқалығында кездесетін қосымша фолликулаларының өсіп-дамуын стимульдеуді айтатын болсақ, қазіргі уақытта суперовуляциялау әдісінің арқасында асыл тұқымды малдардың санын қарқынды көбейту жағынан селекционер-биотехнологтар бірнеше жылды қысқартып ұтымды жетістіктерге жетуде. Соның ішінде, генотипі құрып кетуге таяп қалған мал санын қарқынды көбейту, химерлі мал алу, трансгенді мал алу, эмбриондарын екіге, төртке бөліп монозиготалы егіздер алу және олардың өнімділігін арттыру сияқты нәтижелері бойынша биотехнология ғылымының жетістіктерін айтуға болады. Аналық донорларды гормональдық өңдеу арқылы олардың бір жыныстық циклі кезінде алынған қосымша овуляция саны *суперовуляция деңгейі* деп аталады. Осыған байланысты аз төлдегіш ауыл шаруашылығы малдарының суперовуляция деңгейі орташа есеппен 3-тен 15 –ке дейінгі аралықта болса, ал көп төлдегіш малдарда 5-тен 45-ке дейінгі аралықта болады, соның ішінде зерттелініп отырған теңіз шошқаларының суперовуляция деңгейі орташа есеппен 5-тен 35-ке дейінгі аралықта болуы керек. Егерде аналық донорларға экзогормонды егу арқылы жоғарыда келтірілгендей көптік овуляция алатын болсақ, онда бұл ғылыми жұмыс нәтижелі болды деуге болады. Овуляция нормасы дегеніміз - аналық малдардың физиологиялық-биологиялық репродуктивтік белсенділік мүмкіншілігін және фолликулалардан ооциттердің жарылып шығу мүмкіншілігін немесе овуляция санын байқататын көрсеткіш болып табылады. Ал зерттеуге алынып отырған теңіз шошқасының овуляция нормасы 1-ден 4-ке дейінгі аралықта болатындығы белгілі. Овуляция нормасы арқылы жұмыртқалықтың белсенділігін байқауға болады. Аналық малды гормональдік өңдеу арқылы овуляция нормасын белсендендіруге болады, соның ішінде фолликула санын көбейтуге, фолликуланың өсуін қарқындатуға және жұмыртқалықтың эсерленуін жоғарылатуға болады.

Жоғарыдағы мәліметтерді ескере келе овуляция нормасы мен суперовуляция деңгейі арасында үлкен байланыс бар деуге болады.

Зерттеу зерзаты мен әдістемесі Мал шаруашылығында суперовуляция шақыру әдісінің үш түрлі әдісі кездеседі:

- 1)Қынап ішілік писсари қолдану әдісі.
- 2)Инъекциялау әдісі (көк тамыр, бұлшық ет және тері асты арқылы егіледі)
- 3)Құрама әдісі (бұл жерде жоғарыдағы бірінші және екінші әдіс бірдей қолданылады).



Сурет – 1 Репродуктивті органға қол жеткізу үшін лапаротомия әдісін қолдану

Жоғарыдағы аталған мәліметтерді ескере отырып біз, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Мал және балық шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының зертханасында, зертханалық жануарға жататын теңіз шошқасынан (Морская свинка) өсіп-жетілген көптік фолликулалар алу мақсатында инъекциялық әдіс бойынша гормональдық түрде өндеуден өткіздік.

1 кесте - Жыныс органын гормональдық өндеу

Топтар	Жасы, ай	Препараттар дозасы және өндеу тәсілі		1-ші және 2-шінің аралығы, сағат	Ұрықтандыру тәсілі
		Фоликула өсуін стимульдеу (1)	Суперовуляция шақыру үшін (2)		
Бақылау	6	-	-	-	табиғи
Тәжірибелік	6	ББҚСГ 25 ХБ	АХГ 4 ХБ	48	табиғи

ЕСКЕРТУ: ХБ – халықаралық бірлік, ББҚСГ- буаз бие қанының сарысуы гонадотрапині, АХГ - адамның хориондық гонадотропині.

Бұл тәжірибелік жұмысқа, дені сау ауырмаған, қоңдылығы орташа және жыныстық айналымы белгілі 6 айлық ұрғашы екі теңіз шошқасын алдық және олардың біреуіне гормональдық өндеу жүргізілсе, ал екіншісіне өндеу жасалған жоқ. Ал бұл жұмыстың нәтижесі және технологиясы келесі кестеде келтірілген (1 кесте).

Тәжірибелік топтағы теңіз шошқасы жыныс клеткаларының фолликулаларын стимульдеу және суперовуляциялау мақсатында қолданылған экзогенді гормондар теріасты тәсілі арқылы егілді. Бақылау тобындағы теңіз шошқасының овуляция нормасын және бақылау тобындағы теңіз шошқасының суперовуляция деңгейін анықтау мақсатында оларға лапаротомия әдісі жасалынды.

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибелік топтағы теңіз шошқасының жыныстық айналымының үшінші күні (жалпы жыныстық айналымы 5 күн) 25 ХБ ББҚСГ егілді, төртінші күні 4 ХБ АХГ егілді, бесінші күні аналықты аталықпен қосып, табиғи түрде ұрықтандырдық. Ал бақылау тобындағы теңіз шошқасын жыныстық айналымының бесінші күні аталықпен қосып табиғи түрде ұрықтандырдық. Жалпы теңіз шошқаларының аналықтары аталықтарымен табиғи шағылысқаннан кейінгі аналық жыныс клеткаларының ұрықтану уақыты 10 сағат болғандықтан, біз екі топтағы аналық теңіз шошқаларын табиғи ұрықтанғаннан кейін 12-ші сағатта лапаротомия әдісі арқылы жұмыртқалықтарының оң және сол жақтарындағы қосымша фолликулаларын санау арқылы суперовуляция деңгейін анықтадық. Ал бұл суперовуляция деңгейі келесі 2 кестеде келтірілген.

Біздің сандық мәліметтерімізге қарағанда, бақылау тобынан барлығы 3 эмбрион, соның ішінде, жатырының оң жақ жұмыртқалығынан 1 және сол жақ жұмыртқалығынан 2 эмбрион жуылып алынса, ал тәжірибелік топтағы аналықтан барлығы 12 эмбрион, соның ішінде жатырының оң жақ жұмыртқалығынан 7 және сол жақ жұмыртқалығынан 5 эмбрион жуылып алынды. Сонымен қатар суперовуляцияланған теңіз шошқасының оң жақ және сол жақ жұмыртқалықтарының экзогормонға оң әсерленгендігін айта кеткен жөн.

2 кесте – Алынған овуляция (ұрықтанған жыныс клеткасы) саны, дана

Рет №	Топтар	Бақылау	Тәжірибелік
1	Барлық алынған овуляция саны	3	12
2	Оң жақ жұмыртқалықтан	1	7
3	Сол жақ жұмыртқалықтан	2	5

Бұл дегеніміз, тәжірибелік топтағы теңіз шошқасының көбеюін гормональді өндеу арқылы оның овуляция нормасынан басқа қосымша овуляция саны (9 эмбрион) алынды, ал бұл жұмыстың нәтижелі болғандығы деп түсіндіруге болады. Соның ішінде, бақылау тобындағы аналыққа қарағанда тәжірибелік топтағы аналықтың жатырынан жуылып алынған эмбриондардың жалпы саны 75 %-ға жоғары, соның ішінде оң жақ жұмыртқалығы бойынша 85,7 %-ға және сол жақ жұмыртқалығы бойынша 60,0 %-ға жоғары болып отыр. Яғни, тәжірибеге алынған теңіз шошқасының оң жақ және сол жақ жұмыртқалықтары егілген экзогормонға оң әсерленгендігі анықталды.

1. Мухамедгалиев Ф.М., Абильдинов Р.Б. Межпородная пересадка зигота и ее генетические аспекты.- Алматы, 1971.
2. Джамалова Г.А., Биотехнология животных. Алматы, 2004
3. Джамалова Г.А., Практикум по биотехнологии животных. Алматы, 2004
4. Завертяев Б.П., Биотехнология в производстве и селекции крупного рогатого скота

В статье изложены результаты реакции половых органов морской свинки на экзогормональной обработке использованных с целью получения множественных

овуляции. Используя метод суперовуляции, можно повышать уровень овуляции в допустимых для размножения пределах, что очень важно, когда речь идет об ускоренном размножении ценных генотипов животных. Благодаря этому методу можно проводить селекцию самок на многоплодие путем увеличения такого генетического параметра, как норма овуляции.

In article stated results of guinea pig's reaction genital organ to exphormonal processing wich used to achive plural ovulations. Using superovalutions method, could raise ovulation level on acceptable bounds for reproduction as is reproduction of animal's valuable genotypes. Due to this method could to contuct breeding of the females for twins by increase such genetic parameter as rate of ovulations.

УДК 619:616.981.48:49-097:636

ВЛИЯНИЕ БАКТЕРИЦИНПРОДУЦИРУЮЩЕГО ШТАММА *E. COLI*64 НА ГЕМАТОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ПОРОСЯТ.

EFFECT OF STRAIN BAKTERITSINPRODUTSIRUYUSCHEGO *E. COLI*64 FOR PIGS
HEMATOLOGIC INDICES

**Бияшев К.Б., Киркимбаева Ж.С., Ермагамбетова С.Е.,
Бияшев Б.К., Орынтаев К.Б., Нургожаева Г.А.**

**K.B. Biayshev, Zh.S. Kirkimbaeva, S.E. Ermagambetova,
B.K. Biayshev, K.B. Orintaev, G.A. Nurgozhaeva**

Казахский национальный аграрный университет

Актуальной ветеринарной проблемой, снижающей рентабельность свиноводческой отрасли, являются послеродовые болезни свиноматок и диарейные болезни поросят. Несмотря на массовые вакцинации свиней против целого ряда болезней (колибактериоз, сальмонеллез, пастереллез, ротавирусная инфекция и др.), заболеваемость и гибель поросят не только не сократились, но значительно увеличились [1].

Включение пробиотиков в технологию выращивания молодняка сельскохозяйственных животных – является наиболее современным способом профилактики желудочно-кишечных болезней, основанном на экологически безопасных механизмах поддержания высокого уровня колонизационной резистентности кишечника. Механизм действия пробиотиков в отличие от антибактериальных препаратов направлен на конкурентное исключение условно-патогенных бактерий из состава кишечного микробиотопа. Исследования зарубежных ученых показывают, что включение пробиотиков в систему выращивания молодняка животных снижает заболеваемость желудочно-кишечными болезнями, сокращает продолжительность выращивания, снижает затраты кормов, повышает сохранность животных [2].

Поэтому бактерии, на основе которых создаются пробиотические препараты должны включать ряд положений: штаммы должны быть выделены от здоровых животных, обладать широким спектром антагонистической активности в отношении патогенов, быть безопасными и не угнетать представителей нормальной микрофлоры [3]. Производственные штаммы должны быть стабильными по биологической активности и удовлетворять технологическим требованиям. Препарат должен быть стабильным и сохранять жизнеспособные микроорганизмы в течение длительного срока хранения.